

«Спорт – біздің досымыз»

Максаты: Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық және спорттық ойындар арқылы ептілікке, күшке, төзімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;
- Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Әкелердің бала тәрбиесіндегі белсенділігін қолдау;
- Ұлттық ойындарға қызығушылық қалыптастыру.

Қатысушылар: Әкелер мен балалары (жұппен)

Сайыс барысы:


- Қатысушыларды қарсы алу
- Жүргізушінің құттықтау сөзі
- Командаларды таныстыру (аты, ұраны)

Негізгі бөлім (жарыс кезеңдері)

1-кезең: «Шапшаң әке» (Кегли арасымен жүру)

Шарты:


Бірінші әке кеглилердің арасымен екі аяқтың ортасына допты қысып арасымен жүгіріп өтеді. Одан кейін баласы жүгіреді.



2-кезең: «Дәл мерген» (Асық ату)

Шарты:

Әкелер белгіленген сызықтан асықты нысанаға атады. Әр әкеге 5 мүмкіндік беріледі.



3-кезең: «Күшті әке»

Шарты:

Әке баласын аяғына отырғызып, 30 секунд ішінде мүмкіндігінше көп отырып-тұру (приседание) жасайды.



4-кезең: «Білекті бірді жығар» (Қол күрес)

Шарты: Әкелер өзара қол күреске түседі.

Бағалау: Жеңген қатысушы келесі кезеңге өтеді (турнирлік жүйе).



III. Қорытынды бөлім

•Әділқазылар алқасының қорытындысы

•Марапаттау (Алғыс хаттар, номинациялар: “Ең шапшаң әке”, “Ең күшті әке”, “Ең ұйымшыл отбасы”)

•Қорытынды сөз

